

## ТҮЙІНДЕМЕ / РЕЗЮМЕ ЖАЗУҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕСТЕР

1. Түйіндемені мүмкін болса **Word** форматта жібермеңіз. Себебі **Word** форматта кез келген ақпаратыңыз өңделеді және эл.пошта арқылы ашқанда әріптер жан-жаққа шашылып, ұсқынсыз көрінеді. Microsoft Office соңғы версияларында Word форматты сақтағанда **PDF** етіп сақтауға болады.

Сіздерге ұсынылған Word форматтағы түйіндеме үлгісі өңдеуге ыңғайлы болу үшін жасалған.

2. Түйіндемеге **міндетті** түрде **позитив фотоңызды** қойыңыз немесе фотоңызды көретін әлеуметтік желілеріңіздің адресін жазыңыз.

3. Электронды поштаңызда жылыңыз, лақап атыңыз немесе қай өңірден екеніңіз жазылмағаны дұрыс болады. Мысалы: [nurgul94@mail.ru](mailto:nurgul94@mail.ru), [gumi-001@mail.ru](mailto:gumi-001@mail.ru), [asel\\_from\\_aktau@mail.ru](mailto:asel_from_aktau@mail.ru) сияқты. Жоғары білімді, білікті маманның эл.поштасы [gmail.com](mailto:gmail.com), [yahoo.com](mailto:yahoo.com) сияқты әлемдік сервис болуы керек.

4. Тілдер туралы біліміңізді көрсеткенде "**сөздік бойынша**" аудармасын жазбай-ақ қойыңыздар. Сөздік қолданбай-ақ **Google Translator** болса, әлемнің кез келген тілінде сөйлеуге болады.

5. "**Маған түйіндеменің үлгісін жібере аласыз ба?**", түйіндеме жіберіңіз деген поштаға "**Сізбен қалай хабарласуға болады?**" немесе **барлық шарттарын жазып қойған жарнама** туралы "**Ол қандай жұмыс екенін толығырақ білуге бола ма?**" деп онсыз да жұмысы көп адамның уақытын алмаған абзал.

6. **Істемейтін телефон нөмірді**, компаниядағы поштаңызды немесе университетіңіздің, клубыңыздың, группаңыздың поштасын беруші болмаңыз. Сондай-ақ, түйіндемені құжат ретінде емес, жеке чатқа, эл.поштаға **мәтін түрінде жібермеңіз**. Аяқ астынан жұмыс шығып қалып, асығып-үсігіп жаза салған сияқты болып қалады.

7. Қазіргі заман әлеуметтік желілердің тренд болып тұрған уақыты. Сондықтан сізді шақырып, әуре қылмай қандай маман екеніңізді білу үшін **әлеуметтік желідегі аккаунттарыңызды да қосымша ақпарат ретінде** қалдыра салу зиян болмайды. Болашақта осы парақшамды менің жұмыс беруші компаниям қарайды-ау деген стратегиялық жоспармен қазірден бастап, әлеуметтік желідегі әр салған фотоңыз бен жазбаңызға аса мән беріңіз. **Инстаграм** мен **Фейсбуктағы**, **ВКонтакте** немесе **Твиттердегі** анкетанызды көрген адам түйіндеме көргендей күй кешетін болсын. Сонда сізге жұмыс берушілер көптеп хабарласады.

8. Жалпы қазірден бастап, **түйіндемесіз жұмысқа кіретіндей** деңгейде мықты, **кәсіби маман болуға** тырысыңыз. Сіздің әлеуметтік желідегі жазған жазбаңызды көріп, бірден жұмысқа шақыратын немесе офлайнда өзіңізді қалай ұстап, қалай сөйлегеніңізге қарай сізге аяқ астынан жұмыс ұсынатын деңгейде алғыр және білікті болыңыз. Түйіндеме жазып үйреніңіз.

9. Сондай-ақ, **түйіндемеңізді барынша толық, нақты етіп дайындаңыз**. [google.kz](http://google.kz) сайтына "**резюме шаблоны word**" деп жазсаңыз түрлі шаблон шығады. Соның біреуін алып, бүкіл мәліметіңізді толтырып шығып, **PDF** етіп сақтасаңыз болғаны.